

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 199 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 қазанда № 7503 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына және 71-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "СОКОЛОВКА" Акционерлік қоғамымен пайдалы қазбаларды барлау үшін жер учаскелерді жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2025 жылдың 26 тамызына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Әйтеке би аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көрсетілген тәртіппен.

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Әйтеке би ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әйтеке би ауданының әкімі*

*Д. Ермаганбетов*

Әйтеке би ауданы әкімдігінің

2020 жылғы 29 қыркүйектегі

№ 199 қаулысына қосымша

## "СОКОЛОВКА" Акционерлік қоғамымен пайдалы қазбаларды барлау үшін қауымдық сервитут белгіленетін жер пайдаланушылардың жер учаскелері

№	Жер пайдаланушылардың атауы	Жалпы алаңы (гектар)	Кадастр нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	"Томирис" ауылшаруашылық өндірістік кооперативі	8398	02-024-021-045	
2	Жумабеков Жиенбай	63,1	02-024-021-047	

3	"К. Болашак" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	492	02-024-021-055	Әйтеке би ауданы, "Тауқатыкөл" учаскесінде
4	"Салима" шаруа қожалығы	298	02-024-021-011	
5	Жолмуратов Орынбай	5182,6083	02-024-013-075	
6	"Энергосистема" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	0,9663	02-024-029-013	
7	"Қарабұтақ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	8 3 9 8 3825	02-024-036-025 02-024-036-024	Әйтеке би ауданы, "Қарасор" учаскесінде
8	Өткелбаев Тасболат Әбдікерұлы	1585,32	02-024-036-067	
9	Айсин Алмат Мейрханович	1000	02-024-036-518	
10	"Даулет" шаруа қожалығы	1000	02-024-036-042	
11	"Адал" шаруа қожалығы	3004,2222	02-024-033-019	
12	"Байдалы" шаруа қожалығы	500	02-024-036-045	
13	"Энергосистема" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	0,5409	02-024-029-008	
14	"Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі	114,6512	02-024-029-118	
15	"Жандос" шаруа қожалығы	6016	02-024-042-003	Әйтеке би ауданы, "Талдық" учаскесінде
16	"Саламат" шаруа қожалығы	4 8 0 649,98 98,3	02-024-036-536 02-024-036-537 02-024-036-538	Әйтеке би ауданы, "Жастар-Қопсай" учаскесінде
17	Абишев Касқырбай Жандабергенович	919,5	02-024-036-062	